

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ  
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ  
(ҚАЗАҚСТАН)  
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ  
(ҚАЗАҚСТАН)  
ШЫҒЫС ЕУРОПА БОЙЫНША ГИСЕН ОРТАЛЫҒЫ  
(ГЕРМАНИЯ)  
НИТРАДАҒЫ ФИЛОСОФ КОНСТАНТИН АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ  
ФИЛОСОФИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
АҒЫЛШЫН ТІЛІ ЖӘНЕ АМЕРИКАНИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
(СЛОВАКИЯ)  
ҚАЗАҚ МЕНЕДЖМЕНТ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БОЛЖАУ ИНСТИТУТЫ  
(АҚШ - ҚАЗАҚСТАН)  
**«Тіл және мәдениаралық қатынас» атты II Халықаралық ғылыми-  
теориялық конференциясының материалдар жинағы**

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОЛОГИИ, ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ  
КАФЕДРА ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ И ОБЩЕГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ  
(КАЗАХСТАН)  
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ  
(КАЗАХСТАН)  
ГИСЕНСКИЙ ЦЕНТР ПО ВОСТОЧНОЙ ЕВРОПЕ  
(ГЕРМАНИЯ)  
УНИВЕРСИТЕТ КОНСТАНТИНА ФИЛОСОФА В НИТРЕ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ  
КАФЕДРА АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА И АМЕРИКАНИСТИКИ  
(СЛОВАКИЯ)  
КАЗАХСТАНСКИЙ ИНСТИТУТ МЕНЕДЖМЕНТА, ЭКОНОМИКИ И ПРОГНОЗИРОВАНИЯ  
(США-КАЗАХСТАН)  
**Сборник материалов**

**II Международной научно-теоретической конференции  
«Язык и межкультурная коммуникация»**

KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY AFTER AL-FARABI  
FACULTY OF PHILOLOGY, LITERATURE STUDIES & WORLD LANGUAGES  
DEPARTMENT OF FOREIGN PHILOLOGY AND GENERAL LINGUISTICS  
(KAZAKHSTAN)  
KAZAKH UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD LANGUAGES AFTER ABYLAI KHAN  
(KAZAKHSTAN)  
GIESSENER ZENTRUM OESTLICHES EUROPA  
(GERMANY)  
CONSTANTINE THE PHILOSOPHER UNIVERSITY IN NITRA  
FACULTY OF ARTS, DEPARTMENT OF ENGLISH AND AMERICAN STUDIES  
(SLOVAKIA)  
KAZAKH INSTITUTE OF MANAGEMENT, ECONOMICS AND PROGNOSTICS  
(USA-KAZAKHSTAN)

**Collected articles of II International  
Scientific-Theoretical Conference  
«Language and intercultural communication»**

26-27

Сәуір - Апрель - April

Алматы  
Қазақ университеті, 2013

<b>Мукаева А.У.</b>	
<i>О роли письменной речи в обучении французскому языку.....</i>	55
<b>Муддагалиева А.А., Окушева Г.Т.</b>	
<i>О некоторых особенностях владения грамматической компетенцией.....</i>	57
<b>Омарова В., Shamsharkhan R., Abdieva R.</b>	
<i>Ideas on developing English awareness through intercultural communication and the Internet.....</i>	60
<b>Орманова Ж.Б.</b>	
<i>Vocabulary practice games .....</i>	62
<b>Ошакбаева Ж.Б., Шерубаева А.</b>	
<i>Учебники школьного курса как модель межкультурной коммуникации.....</i>	63
<b>Оуа Вüyükyavuz</b>	
<i>A Critical Analysis on English Language Teaching Practices and Language Teacher Preparation Program in Turkey: Questions and Answers.....</i>	65
<b>Страутман Л.Е., Гумарова Ш.Б.</b>	
<i>Трудности перехода от "English Files" к "Английскому языку для физиков".....</i>	66
<b>Суттибаев Н.А., Тастемирова Б.И.</b>	
<i>Кәсіби-шеттілдік даярлауда шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін дамыту.....</i>	68
<b>Таңсықбаева Б.А., Түсіпқалиева Р.</b>	
<i>Мемлекеттік тілді оқытуда деңгейлеп оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі.....</i>	70
<b>Тастемирова Б.И.</b>	
<i>Межкультурная коммуникация в обучении иностранному языку .....</i>	72
<b>Туребекова Р.С., Кенжеева К.Т.</b>	
<i>Изучение форм речевой деятельности на занятиях по русскому языку.....</i>	75
<b>Уварова А.К.</b>	
<i>Опыт внедрения некоторых дисциплин на английском языке в обучение студентов бакалавриата по специальности «туризм».....</i>	77
<b>Худайбердина Д.А.</b>	
<i>Психологические особенности овладения письменной речью на иностранном языке.....</i>	79

## СЕКЦИЯ 2

### ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

<b>Hevesiova S.</b>	
<i>Language and culture: the postcolonial perspective .....</i>	81
<b>Kiššová Mária</b>	
<i>On the sacredness of nature: transcultural discourse in Craig Thompson's HABIBI.....</i>	83
<b>Yakup Doganay</b>	
<i>Considerations on cognitive and cultural linguistics.....</i>	86
<b>Абишева Г.Ф.</b>	
<i>Формирование лингвокультурологических навыков перевода на основе межкультурной коммуникации у студентов-переводчиков.....</i>	90
<b>Адырбекова М.К.</b>	
<i>Сесилия Ахерн шығармашылығы.....</i>	92
<b>Азаматова А.Х.</b>	
<i>Межкультурная коммуникация как взаимодействие языковых картин мира.....</i>	95
<b>Аймаганбетова О.Х., Аймаганбетов А.Б., Илимханова Л.</b>	
<i>Этнокоммуникативное поведение как этнопсихологический феномен.....</i>	98
<b>Амандықова С. Х., Лесова А.Ш.</b>	
<i>Фразеологиялық сөздік арқылы тіл дамытудың педагогикалық ұстанымдары.....</i>	100
<b>Аникина Т.Е.</b>	
<i>Языковые лабиринты: язык, литература и межкультурная коммуникация.....</i>	103
<b>Ахметбекова А.М.</b>	
<i>Проблемы типологии текста в современной коммуникативной лингвистике.....</i>	105
<b>Барлыбаева С.Х.</b>	
<i>Коммуникация востока и запада: специфика и различия.....</i>	107




Рисунок 2 – Частотность использования глаголов со значением *уменьшение величины* (словарь LINGVO science)

Используя большой массив данных, мы сравнили частотность слов предлагаемых в LINGVO для перевода слова *определять*: *assign, define, designate, determine, (find), position, solve for, qualify*. Далее мы рассмотрели такие слова, как увеличивать: *augment, enlarge, increase, magnify, multiply, raise, enhance, greaten* и уменьшать: *abate, depreciate, diminish, narrow down, reduce, lessen*. (в эту группу также было добавлено слово *decrease*, которое отсутствует в группе синонимов LINGVO science). В результате были получены следующие гистограммы (частотность в процентах).

Из приведенных гистограмм видно насколько осторожно следует использовать незнакомые синонимы или слова второго или третьего ряда (*second/third degree words*).

В последней гистограмме следует обратить внимание на высокую частотность глагола *to reduce* в научно-технических текстах, так как обычно начинающие переводчики стараются его избегать и заменять глаголом *to decrease*, что часто неадекватно. Приведем ряд примеров: *We add a constant value of 0.01 to reduce (not decrease) the weighting of longer wavelengths. This further reduces (not decreases) the calculation time. The rms error is reduced by a factor of 2-3.* Следует также отметить использование глаголов *to define* и *to determine*. Возможно, высокая частотность глагола *to define* была обусловлена особенностями текстов, где вводилось большое количество новых терминов.

Полученные результаты могут служить опорой при выборе слова из синонимического ряда при поиске эквивалента для перевода. Мы показываем частотность применения и возможность использования при переводе «*first-degree*» words, что поможет избежать некоторых переводческих ошибок.

1. Hutchinson, T. Waters, A. English for Specific Purposes // A learning centered approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987.
  2. Ковальническая О.В. и др. Русско-английские эквиваленты выражения величины. – Наука, 1977.
  3. Кузнецов Б.В. Русско-английский словарь научно-технической лексики. – М., 1992.
  4. Мешков О., Лэмберт М. Практикум по переводу с русского языка на английский. – М., 2002.
- Жаппина. С.М. О науке языком науки. – Л., 1987.

## КӘСІБИ-ШЕТТІЛДІК ДАЯРЛАУДА ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Суттибаев Н.А., Тастемирова Б.И.

Қазақстан, Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
tas\_balkiya@mail.ru

*Тірек сөздер: мәдениетаралық қатысымдық, мәдениетаралық тілдесу, қатысымдық құзыреттілік, қатысымдық әдістеме, шеттілдік білім, құзыреттіліктің құрамы*

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру, шетел тілінде сөйлеуге дайын болу оқудың негізгі мақсаты болып табылады. Шетел тілін білу мәдениетаралық өзара әрекеттің сәтті жүруіне кепілдік бермейді. Көп зерттеушілердің пікірінше білім алушылар мәдениетаралық тілдесуге дайын емес және шеттілдік мәдениетті үйренудің маңыздылығын жете бағаламайды.

Білім алушыларға қатысымдық құзыреттіліктің даму белгілері:

Лингвистикалық құзыреттілік – фонологиялық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды білу; тілдік құралдармен оқып жатқан тілді білу; грамматикалық дұрыс сөйлемдерді продукциялай білу; лингвистикалық талдау жасай білу.

Социоллингвистикалық құзыреттілік – тілдік формаларды таңдай білу, мәтінге байланысты оларды пайдалану және қайта құру; тілдік және тілдік емес тілдесуді жүзеге асыра білу.

Дискурсивтік құзыреттілік – оқу үдерісі кезінде жағдаятқа байланысты мәтіннің құрылымы; мәтінді жүйелей білу; қатысымдық мақсатқа сай келетін дискурс түрін таңдай білу; диалог жүргізе білу.

Социомәдени құзыреттілік – оқып жатқан елдің тілдік мәдениетін білу; балама лексикасын білу; бағдарламалар мен фильмдер көру кезінде тарихи-мәдени оқиғаларды дұрыс түсіндіре алу; астарлы ойларды түсіне білу.

Стратегиялық құзыреттілік – мәтіннің мазмұнын атауына, кіріспесіне немесе белгілі жүйесіне (кесте, график, диаграмма) қарап анықтай білу; сөйлесу кезінде таныс емес сөздердің мағынасын жағдаятқа қарай түсіне білу.

Әлеуметтік құзыреттілік – оқып жатқан тілдегі елдің негізгі құндылықтары мен салт-дәстүрлерін білу; негізгі әлеуметтік проблемаларын білу; серіктеспен қарым-қатынасқа түсе білу; өзін жағдаятқа байланысты ұстай білу.

Ақпараттық құзыреттілік – шеттілдік деректерден керекті мағлұматтар таба білу; мағлұматты бір жүйеден екіншісіне аударып білу (кестеден мәтінге, көзбен шолудан кестеге); құрылған мақсатпен құрылған мағлұматтың мазмұнын бере білу; оқу үдерісінде мағлұматтық технологияларды (интернет, аудио, видео, БАҚ және т.б.) пайдалана білу.

Қабардовтың М.К. пікірінше, қатысымдық құзыреттілік – бұл этно және әлеуметтік-психологиялық үлгі-нұсқаның, стандарттың, стереотиптердің жүруі. Ал И.А. Зимняның айтуынша, қиын қатысымдық дағдылар мен іскерліктерді меңгеру, жаңа әлеуметтік құрылымда теңбе-тең іскерлігін қалыптастыру және сөйлесу кезінде шектелу, ырымдары, салт-дәстүрлер, сөйлесу әдебін білу, сыпайылық таныту; ұлттық ділге тән қатысымдық әдісте бағдар ұстау.

Хуторскийдің А.В. айтуынша, оқу үдерісіне өту үшін құзыреттілікті іскерлік формасында беру керек. Бұл жағдайда құзыреттілік өзі сәйкес келетін оқу әдісінің мәнін анықтайтын болады. Ол келесі мысалдарды қатысымдық құзыреттілік тұжырымдамасына ұсынады;

- өзін ауызша және жазбаша елестете алу, сауалнама, өтініш, түйіндеме, хат, құттықтау хат жазу;
- өз сыныбын, мектебін, елін мәдениетаралық тілдесу жағдайында елестете алу, бұл үшін шетел тілі білімін қолдану;
- айналадағы мен алыстағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру;
- ауызша хабарлама айту, сұрақ қоя білу, диалогты жақсы өткізу;
- түрлі сөйлесу іскерліктерін (монолог, диалог, оқу, хат), лингвистикалық және тілдік құзыреттіліктерді меңгеру;
- топта бірлескен іскерлік тәсілдерін, тілдесу жағдайында әрекет негіздерін меңгеру; ымыраларды іздеу және таба білу;
- көпмәдениеттік, көпэтникалық және көпконфессионалдық қоғамда тарихи күретамыр және әртүрлі ұлттық жашылық пен әлеуметтік топтардың дәстүрлерді білудің негізінде құрылған позитивтік дағдылар тілдесуіне ие болу.

Қатысымдық құзыреттіліктің келесі құрамдас бөліктер көрініс алады:

Қатысымдық құзыреттілік:

Лингвистикалық құзыреттілік  
Дискурсивтік құзыреттілік  
Әлеуметтік құзыреттілік  
Социолингвистикалық құзыреттілік  
Социомәдени құзыреттілік  
Стратегиялық құзыреттілік

Ал И.Л. Бим өзінің жұмыстарында қатысымдық құзыреттіліктің келесі құрамын атап кетеді:  
Қатысымдық құзыреттілік:

Тілдік құзыреттілік  
Сөздік құзыреттілік  
Социомәдени құзыреттілік  
Тематикалық құзыреттілік

Осы екі кестеден көріп тұрғанымыздай қатысымдық құзыреттілік басқа да құзыреттілік түрлерін, яғни лингвистикалық құзыреттілік, социолингвистикалық құзыреттілік, дискурсивтік құзыреттілік, социомәдени құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, стратегиялық құзыреттілік, тілдік құзыреттілік, сөздік құзыреттілік, тематикалық құзыреттілік қамтиды. Екі кестеден И.Л. Бимнің ұсынып отырған қағидасындағы ерекшелікті анық аңғаруға болады.

Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру кезінде қатысымдық әдістемені қолдану маңызды. Осыған байланысты білімдік үдерісті қатысымдық деп атауға мүмкіндік беретін төмендегі сипаттамалармен жүрген дұрыс:

- шеттілдік білім болуы;
  - шынайы тілдесу;
  - тұлғалық ой;
  - кез-келген әрекеттің мотивациялануы;
  - ойлау белсенділігі;
  - тілдесудің басқа сөз әрекетімен байланысы;
  - жағдаят өзара қатынас жүйесі секілді;
  - функционалдық;
  - жаңалық эвристикалық;
  - проблемалық.
- Барлық құрамдас қатысымдық құзыреттіліктің өзара қатынасын қалыптастыруды қамтамасыз ету:
- қатысымдық іскерліктің дамуы (тілдік білім мен дағдының дамуымен бірдей), дәлірек айтсақ;
  - әр түрлі қиын емес мәтіндердің мазмұнын оқи және түсіне алу (түгелімен немесе негізінде);
  - тұрмыстық, мәдени тілдесу негізінде ауызша диалог құра білу;
  - өзі туралы, өзін қоршаған орта туралы қысқаша ауызша монолог құра білу, оқыған мәтіннің мазмұнын бере білу;

- қарапайым мағлұматты жазбаша бере білу, хат жаза алу.

Жаппы оқулық және арнайы оқулық іскерліктерді дамыту (оқи алу іскерлігі-кітаппен, оқулықпен,

анықтамалық әдебиетпен жұмыс істеу, аударманы пайдалану).

Өтемеуіш іскерліктің дамуы (тілдік амалдардың тапшылығы кезінде синонимді қолданудың арқасында қиын жағдайдан шығу).

Мәдениетті меңгеруге оқушыларды тәрбиелеу, бұл төмендегіні қалыптастыруға негіз болады:

- адамгершілік құндылықтар жүйелері;
- әлемге эмоционалды қатынас;
- шетел тіліне, ұлттық мәдениетіне, өзара түсінушілік, толеранттылықа жақсы қатынаста болу;
- шетел тілін оқудың маңыздылығын түсіну.
- Білім алушыларда ізденушілік іскерлігін дамыту:
- тілдік және танымдық қабілеттіліктерді;
- бағдарларды, сезімдерді және эмоцияларды;
- шетелдік тілдесуге түсу қабілеті және дайындығы, шетел тілінде өз бетімен білімге деген қажеттілік.
- Шетел тіл амалдарының құрылуы:
- өз ойлау ерекшелігін түсіну;
- оқып жатқан тілді ана тілімен салыстыру, әр тілдің ерекшелігін сезіну;
- елдің мәдениет, тарих және салт-дәстүрлері туралы білу;
- ұлттық мәдениеттің (өзінің және өзгенің) жетістіктері туралы.

Қорыта кеткенде, шетел тілін оқыту барысында қатысымдық құзыреттілікті дамыту өте маңызды. Шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, шетел тілі сабағында қатысымдық құзыреттіліктің маңыздылығына көзіміз жетті. Қатысымдық құзыреттіліктерді дамытуда мына мәселелерге көңіл аудару қажет:

- өзін ауызша және жазбаша істете алу, сауалнама, өтініш, түйіндеме, хат, құттықтау хат жаза алу,
- өз тобында, білім ордасында, елін мәдениетаралық тілдесу жағдаятында елестете алу;
- айналадағы мен алыстағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру;
- ауызша хабарлама айту, сұрақ қоя білу, диалогты құра алу;
- түрлі сөйлеу іскерліктерін (монолог, диалог, оқу, хат), лингвистикалық және тілдік құзыреттіктерді меңгеру;
- топта бірлескен іскерлік тәсілдерін, тілдесу жағдаятында әрекет негіздерін меңгеру; ымыраларды іздеу және таба білу;
- көпмәдениеттік, көпэтникалық және көпконфессионалды қоғамда тарихи күретауы және әртүрлі ұлттық жалпылық пен әлеуметтік топтардың дәстүрлерін білудің негізінде құрылған болымды дағдылар тілдесуіне ие болу.

1. Садохин А.Г. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: Высшая школа, 2004.

2. Кабардов М.К. Языковые и коммуникативные способности. – М.: Педагогика, 1989.

3. Кабардов М.К., Арцишевская Е.В. Способности и склонности. – М.: Педагогика, 1989.

4. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.: Московский исследовательский центр подготовки специалистов, 2004.

5. Гальперин П.Я. Актуальные проблемы возрастной психологии. – М.: Изд-во Московского университета, 1978.

6. Бим И.Л. Обязательный минимум содержания основных образовательных программ. Москва: «Педагогика», 1999 г.

7. Хухлаева О.В. Психология развития: молодость, зрелость, старость. Учебное пособие. Москва, «Педагогика», 2002 г.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Таңсықбаева Б.А., Түсіпқалиева Р.Қ.

Қазақстан, Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен М. Тынышбаев атындағы ҚазККА  
Tusupkaliyeva@mail.ru

*Тірек сөздер: деңгейлік оқыту, жүйелілік, әдістеме, бірінші деңгей*

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде отандық және шетелдік тіл үйрету әдістемелерінің озық үлгілерін тиімді пайдалана отырып, үздіксіз оқыту бүгінгі күннің басты талабы. Бұл – өсіп келе жатқан балалар мен жастардың үйлесімділікпен дамуы, елдік рухты көкірегіне түйіп, ұлттық дүниетанымды терең меңгеруі үшін де, елдік санада тәрбиеленуі үшін де ауадай қажет. Тілді оқытуда, әсіресе, жеке тұлғаның қалыптасуына ерекше мән бере отырып, тіл арқылы ұлтжанды азамат тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс.

Қазақ тілін оқытудың бірзділігі мен жүйелілігін арттыру үшін, әлеуметтік тапсырыстарға жауап беруде, атқарылатын істер көп. Қолданыс құралы ретінде әлемдік мәнге ие болып отырған ағылшын, неміс, француз, орыс т.б. тілдердің оқыту жүйесінің әдіс-тәсілінен үйренеріміздің мол екені де жасырын емес. Әсіресе шет тілдерін оқыту әдістемесін қазақ тілін оқыту барысында тиімді пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін атап айтқымыз келеді. ХХІ ғасыр сұранысына жауап бере алатын тілді үйренудің басты тәсілдерінің бірі – деңгейлік оқыту жүйесі. Әлемде қалыптасып, тәжірибеленіп отырған тілдерді деңгейлеп оқытудың бірнеше әдістемелері бар. Олардың тиімділігі де тілді меңгеруге деген қажеттілікке қарай әртүрлі болып келеді. Дегенмен, барлығының да бағыттары бір-біріне ұқсас, әдістемелердің жалпы құрылымдық бөліктері де мағыналас.

Білім деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеші ғалымдар тарапынан үш деңгей, бес деңгей, алты деңгей ұсынылады.

Олардың негізгілері: